

"Сырттай, кешкі және экстернат нысанында білім алуға жол берілмейтін кәсіптер мен мамандықтардың тізбесін және Жоғары білім беретін білім беру ұйымдарында экстернат нысанында оқытуға рұқсат беру нұсқаулығын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2010 жылғы 8 ақпандағы № 40 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2010 жылғы 29 желтоқсандағы № 585 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2011 жылғы 14 қаңтарда N 6733 тіркелді

«Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 5-бабының 15) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Сырттай, кешкі және экстернат нысанында білім алуға жол берілмейтін кәсіптер мен мамандықтардың тізбесін және Жоғары білім беретін білім беру ұйымдарында экстернат нысанында оқытуға рұқсат беру нұсқаулығын бекіту туралы» (Қазақстан Республикасы мемлекеттік атқарушы органдарының және басқа орталық мемлекеттік органдардың 2010 жылғы 12 шілдедегі № 11 басылымында жарияланған нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6111 болып тіркелген) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2010 жылғы 8 ақпандағы № 40 бұйрығына мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген сырттай, кешкі және экстернат нысанында білім алуға жол берілмейтін кәсіптер мен мамандықтардың тізбесінде:

6 - б ө л і м д е :

«1. Өнер» деген кіші бөлім мынадай редакцияда жазылсын:

«

| 1. Өнер | |
|----------|-----------------------|
| 5B040200 | Аспаптық орындаушылық |
| 5B040900 | Хореография |

» ;

«2. Техникалық ғылымдар және технологиялар» деген кіші бөлім мынадай редакцияда жазылсын:

«

| 2. Техникалық ғылымдар және технологиялар | |
|---|---------------------------------------|
| 5B070100 | Биотехнология |
| 5B071400 | Авиациялық техника және технологиялар |
| 5B071500 | Теңіз техника және технологиялар |
| 5B072700 | Азық-түлік өнімдерінің технологиясы |
| 5B072900 | Құрылыс |

| | |
|----------|---|
| 5B074300 | Ұшатын аппараттар мен қозғалтқыштарды ұшуда пайдалану |
| 5B074600 | Ғарыш техникасы және технологиялары |
| 5B074800 | Фармацевтикалық өндіріс технологиясы |

» ;

«3. Ауылшаруашылығы ғылымдары» деген кіші бөлім алынып тасталсын.

2. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім департаменті (С.М. Өмірбаев) белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өтуін қамтамасыз етсін;

2) мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін осы бұйрықты бұқаралық ақпарат құралдарында жарияласын.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы бұйрық алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр

Б. Жұмағұлов